

# Егемен Қазақстан



Egemen.kz

## **Өзімізге де, өзгеге де өз тауарымызды ұсынатын кез келді**

Бала кезімізден құлағымызға сіңіп қалған бір ұғым бар, ол – «импорт». Үлкендердің көпшілігі «импортты» айрықша бағалайды. Әйтеуір қай елден, қалай жасалған тауар екенін танып жатпаса да, «импортты» дәреже көріп, аса құрметтейтіні рас. Алайда, сол тауардың өз отандық тауарларымыздан несі артық, нендей ерекшелігі бар, оған мән беріп жатқан ешкім жоқ. «Біреудің қансығы, біреуге таңсық» деген осы шығар. Бірақ бұл бұрынғы Кеңес кезіндегі сырттан тауар сирек келетін, келсе де бірегей, брендтер келетін заманнан қалған ұғым болса керек. Ал қазір мүлде басқаша, импорттан гөрі, өзіміздің отандық тауарды тәуір көре бастадық. Себебі, сырттан келгеннің бәрі «супер» емес. Бүгінде импортты былай қойып, экспортқа қанша тауар шығарып жатыр екенбіз, бұл тұрғыда хал-ахуалымыз қалай екен деп сұрайтын болдық. Заман солай, өзге емес, өзіңнің тауарыңды тұтынып, өзгеге өзіндікін экспортқа шығарып жатсаң, міне, ел үшін осы мәртебе. Интеграциялық одақтар құрып, іргелес елдермен байланысты бекіте түсуіміздің де басты себебі осы – экономикалық мүдде емес пе еді?!

### **Сыртқы сауда-саттық неге азайды?**

Бүгінде жаһандық қаржылық дағдарыс әлем жұртын әлекке салуын қояр емес. Одан қалды саяси мүдделер қақтығысы да қаншама елдің берекесін қашырып отыр. Бұл жағдайлар экономикалық дамудың жаңа бағытын жасап, қандай жағдай болса да қалбалақтап қалмайтындай, елдік тұғырымыздың термірқазығын мықтай түсуді қажет етеді. Ол үшін мызғымас, тұрақты экономика керек. Ал экономиканы дамытудың бір тетігі интеграциялық байланыстар, алыс-беріс, сауда-саттық қатынастары.

Еуропалық экономикалық комиссияның жедел мәліметтеріне сүйенсек, жалпы алғанда, еліміздің сыртқы сауда-саттық көлемі 2014 жылғы қаңтар-маусымда 51,9 млрд. АҚШ долларын құраған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,8 пайызға төмендепті. Қазақстандық экспорт 0,3 пайызға азайса, импорт 10 пайызға төмендеген. Бұл кезеңде Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік аясындағы өзара тауар саудасының көлемі 27,6 млрд. АҚШ долларын құраған. Бірақ бұл да өткен жылғымен салыстырғанда кемшін. Яғни, өзара сауда-саттық көлемінің жалпы қысқаруы 2014 жылғы бірінші жартыжылдықта өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3 677,8 млн. АҚШ долларын немесе 11,7 пайызды құраған. Статистика агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2014 жылғы қаңтар-маусымдағы өндірілген ІЖӨ көлемі нақты шамада 3,9 пайызға ұлғайған. Сонымен бірге, өнеркәсіптік өндіріс көлемі 0,4 пайызға төмендеген. Жалпы, экспорт көлемінің төмендеуі Қазақстан экономикасы өсу қарқынының баяулауымен түсіндіріледі. Ұлттық экономиканың өсу қарқынының баяулауы сыртқы тұрақсыз жағдайларға байланысты, дейді мамандар. Иә, жоғарыда айтқанымыздай, қазір кім-кімге де оңай кезең емес. Осыған орай қай елге болмасын тек тиімді экономикалық саясат, тынымсыз еңбек қажет-ақ.

Осы ретте Қазақстан, Ресей және Беларусь мемлекеттерінің арасында құрылған Кеден одағы үш ел экономикасының серпін алып, дамуына негіз болды дей аламыз. Экономикалық дағдарыстың белең алу жағдайына қарамастан сауда-саттық, кәсіпкерлік аясындағы ынтымақтастық өз нәтижесін беруде. Қазіргі әлемдік қаржылық дағдарыс қаупі әлі де сақталуда. Бұл мемлекеттер экономикасына өзінің теріс әсерін бермей қоймасы анық. Мұның бәрін ескере отырып, дағдарыстың алдын алу, қажетті шаралар қолдану Кеден одағы аясында кеңінен қарастырылған. Ал оның тиімді жолы – отандық кәсіпкерлікті дамыту. Кеден одағы құрылғанға дейін кәсіпкерлердің сыртқы нарыққа шығу мүмкіндігі бүгінгідей емес еді. Қазіргі таңда Кеден одағының келісімшарты бойынша, үш елдің кәсіпкерлері өздерінің рыногы ғана емес, Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығын да еркін игеруге мүмкіндік алды.

## **Өзімізде барды өзгеден неге тасимыз?**

Ішкі нарықты отандық тауарлармен толық қамти алмай тұрып, сыртты жарылқаудың қажеті қанша дейтін де түсініктер жоқ емес. Алайда экономиканың іші-сырты қатар жүруі заңды. Себебі, кез келген кәсіпорын ішкі тар ауқымды рынокпен толық қуатында жұмыс істей алмасы анық. Бастысы, сыртқа шығатын тауар шикізаттық емес, өндірілген күйінде болса құба-құп. Шындыққа тура қарар болсақ, біздің ел әлі қазақстандық тауарға қарық бола қойған жоқ. Әсіресе, күнделікті тұрмыстық, азық-түлік тауарларының басым көпшілігі шетелден келеді. Қызық болғанда, жоқ нәрсе емес, өзімізде бар нәрсені шетелден тасып отырғанымыз өкінішті. Мәселен, Парламент мінберінде айтылған мына бір деректер шыныменәк қынжылтады. Айталық, өткен жылы картоп импорты 45 пайызға, яғни 77 мыңнан 112 мың тоннаға; қияр – 2,8 есе, 20 мың тоннадан 55 мың тоннаға; сәбіз 2,2 есе, 40 мың тоннадан 87 мың тоннаға; қырыққабат 2,7 есе, 30 мыңнан 80 мың тоннаға; пияз 2,2 есе, 64 мың тоннадан 141 мың тоннаға өскен. Керек десеңіз, күріш импорты 89 пайыз, жұмыртқа – 99 пайыз, ұн – 92 пайыз, тұз 96 пайыз импортталған деседі. Осындай сандардан соң санаң сан-жаққа жүгіріп, бұл қалай демеске амалың жоқ. Бұл ретте, тағы сол Ауыл шаруашылығы министрлігін мазалаймыз. Ондағылар сенімді ақпарат көздері сонда деп сілтеме жасаған соң министрліктің сайтына жүгіндік.

«Елімізді маңызды азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі қаншалықты? Азық-түліктің қай түрі республика тұрғындарының сұранысын қанағаттандырып отыр?» деген сауалға министрліктің жауабы мынау: «Қазіргі уақытта отандық ауыл шаруашылығы саласы ауылшаруашылық өнімдерінің азықтық бидай, күріш, жармалық және көкөнісбақшалық дақылдар, картоп, ет, сүт және жұмыртқа секілді негізгі түрлері

бойынша ішкі нарықтың тұтынуын толығымен қамтамасыз етеді. Жалпы айтқанда, азықтүліктің барлық негізгі түрлері бойынша ішкі тұтынуға отандық өндірістің үлесі 80 пайыздан астам. Бұл тізімге тек алма (51,4%), құс еті (39,2%), шұжық өнімдері (57%), сары май (64,2%), ірімшік және сүзбе (46,5%), қант (39,5%), балық (64,4%) кірмей отыр. Осыған байланысты, Ауыл шаруашылығы министрлігі отандық өндірушілерді қолдау мен аграрлық өнімдер өндірісін арттыру бойынша жұмыс жүргізуде. Жағдайды түбегейлі өзгерту мақсатында және ағымдағы мәселелерді шешу үшін «Агробизнес-2020» салалық бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Бағдарламада ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктерін енгізу көзделіп отыр. Нәтижесінде 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің адам басына шаққанда 4,2 мың АҚШ долларынан 9 мың АҚШ долларына дейін артуы, сондай-ақ азық-түлік өндірісінің 833 млрд. теңгеден 1 триллион 55 млрд. теңгеге дейін өсуі күтілуде. Осы аталған барлық шараларды толығымен жүзеге асырған жағдайда, азық-түліктің барлық негізгі түрлері бойынша ішкі тұтынуға отандық өндірістің үлесін 90 пайызға жеткізуге болады».

Әрине, біз осылай болғанын қалаймыз. Себебі, қазіргі алмағайып заманда елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыпты ұстау басты міндеттердің бірі болуға тиісті.

### **Санкциядан пайда көру мүмкін бе?**

Өздеріңіз көріп отырғандай, қазір Ресейдегі жағдай мәз емес. Оның себебі – Батыс елдерімен арадағы түрлі санкциялар салдары. Әрине, санкция деген кім үшін де жақсы емес. Бірақ таяқтың екі ұшы болатындай, Ресейге салынған санкция Қазақстан үшін мүмкіндіктер ашуы ықтимал деген де болжамдар айтылуда. Бұл жайында алғашқылардың бірі болып Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов айтқан болатын. Ол журналистерге берген сұхбатында Ресей мен Батыс арасындағы қарама-қайшы санкциялардан Қазақстанның ұтар тұсы болатынын жоққа шығармады. «Жалпы, санкциядан ешкім ұтпайды, өкінішке қарай, бәрі жапа шегеді. Өйткені, Ресей алып мемлекет, оның экономикасы да ауқымды, сондықтан санкция салған батыстың өзіне де оңай тиейін деп отырған жоқ. Дегенмен, мұндай мәселеде Қазақстанға мүмкіндіктер ашылатынын болжауға болады. Мәселен, Ресей Польша мен Молдовадан келетін жеміс-жидектерге, азық-түлікке санкция жариялады. Оның орнын Ресей өзіндегі өндірісті арттыру арқылы жабуға ұмтылмақшы. Ендеше, Қазақстанға да мүмкіндік туып тұр деген сөз. Бұл, әсіресе, ауылшаруашылық тауарларын өндіру мен өңдеу аясында әбден ыңғайлы болуы мүмкін», деген еді А.Мырзахметов.

Осыдан кейін қазақстандық басылымдар санкциядан Қазақстанға қандай пайда болу мүмкін деген болжамдарды жарыса жазды. Шынымен, біз көршімізді азықтүлікпен қамти аламыз ба, оған әлеуетіміз жетер ме екен деген күдікті сұрақтар да көңілді күпті етті. Алайда, Ресеймен шекаралас орналасқан Қостанай облысы кәсіпкерлерінің телеарналарға берген сұхбаттары санкцияның кәсіпкерлердің оң жамбасына келгенін айтып отыр. Мәселен, кәсіпкер Бауыржан Көшеғұлов: «Санкцияның жариялануымен ресейлік әріптестеріміз тарапынан біздің өнімге қызығушылық артқандығын байқаймыз. Көршілес Челябин, Екатеринбург, Самара қалаларынан атізін салушылар жиіледі. Ет өнімдері сапасына олардың көңілдері толады. Экспорт көлемін арттыруға біздің әлеуетіміз жетеді. Соңғы екі айда Ресейге 70 тонна ет жібердік. Жыл аяғына дейін, бәрі ойлағандай болса, оның көлемін 500 тоннаға дейін жеткізуге шамамыз бар», деуі осыны аңғартса керек. Жоспар бойынша 2016 жылы Қостанай облысы Ресейге 2 мың 200 тонна ет экспорттауға тиіс екен. Міне, санкция соның сәтін тудырғандай. Бұл ретте, Қостанай облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Ерлан Спанов: «Ресей Федерациясына 4,7 мың тонна ұн шығардық, 85 тонна ет шығардық, жылдың басынан ғана 6,5 мың тонна маңайында сүт өнімдерін шығардық. Жарты жылдың өзінде бір жылға қарағанда экспорттың көлемі екі есе маңында өскен. Әрі қарай оны ұлғайтуға мүмкіндік бар», дейді. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары

Нұржан Әлтаевтың «Хабар» арнасына берген сұхбатынан да осыны аңғарамыз. «Енді кәсіпкерлердің көзімен қарайтын болсақ, бұл бізге ашылып отырған өте үлкен мүмкіншілік. Өйткені, қарап отырсақ, Ресей жыл сайын 250 млрд. долларға тамақ өнеркәсібінің өнімін алып келеді екен. Енді осы санкцияларға байланысты бізге де осы нарықтың тиімділігі ашылып отыр. Бірақ бұған біздің кәсіпкерлер қарап отырмауы керек. Қазір тез арада жоспар жасап, осы өзіміздің шығарып жатқан өнімдерді, көкөніс, ет, сүт өнімдерінің өнімділігін көбейтіп, Ресей нарығына ұмтылуымыз керек. Бұл жағдайда біз тек жақсы жағын көруіміз керек. Мемлекеттің кәсіпкерлерге жасап отырған мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, қазір белімізді буып өзіміздің өнімімізді, тауар өнімділігін көбейту керек. Бұл үлкен жақсы мүмкіншілік деп ойлаймын», дейді Н.Әлтаев.

## **Ауыл шаруашылығы экспорты арта ма?**

Иә, мамандар айтып отырғандай, ұрымтал сәтті тиімді пайдаланып, әсіресе, ауыл шаруашылығын дамытуға мүмкіндік бар сияқты. Жасыратыны жоқ, бүгінде біздің экспорттық әлеуетіміздің басым бөлігін шикізаттық тауарлар, оның ішінде мұнай экспорты құрап отыр. Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстан өз мұнайын әлемнің 30 мемлекетіне тасымалдайды. 2013 жылдың мәліметіне сәйкес, қазақстандық мұнай экспортының басым бөлігі – 27 пайызы Италияға тиесілі. Одан кейін Қытай – 17 пайыз, Нидерланд – 13 пайыз, Франция – 9 пайыз және Австрия – 7 пайыз. Өткен жылы Каспий құбыр консорциумы бойынша тасымалданған мұнайдың көлемі – 28,7 миллион тонна. Бұл жалпы экспорттың 40 пайызын құрайды. Атырау – Самара бағыты бойынша – 15,4 млн. тонна, Атасу – Алашаңқай бағытында 11,8 млн. тонна мұнай тасымалданды. Ал қазіргідей құбылмалы заманда бұлайша шикізат экспортына иек артып отыра беруге әсте болмайды. Әсіресе, тұрмыстық тұтыну тауарлары, ауыл шаруашылығы, азық-түлік тауарларын экспорттау ел үшін тиімді. Себебі, халықты жұмыспен қамту тұрғысынан келгенде бұл саланың маңызы зор.

Ресми деректер бойынша, тамақ өнімін сырттан әкелу 2019 жылға қарай 2900 млн. АҚШ долларынан 1 322 млн. АҚШ долларына дейін төмендемек. Еңбек өнімділігінің өсуі 107 пайыздан 112 пайызға дейін артады. Сүт және сүт өнімдерін өндіру 2019 жылға қарай 3 мың 36 тоннадан 1 млн. тоннаға дейін артады. Ал импорт үлесі 31 пайыздан 20 пайызға дейін төмендейді. Тауық еті импортының үлесін 55 пайыздан 30 пайызға дейін төмендету жоспарлануда. 2015 жылға дейін –42,5 мың тонна, 2020 жылға дейін 80 мың тонна кіргізілмек. Өсімдік майын өндіру 2020 жылға қарай 276 мың тоннадан 387,6 мың тоннаға дейін артады. Импорт үлесі 32 пайыздан 17 пайызға дейін төмендейді.

Сонымен қатар, биыл Қазақстан 8-9 млн. тонна астық экспорттайды деп болжанып отыр. Бұл туралы жуырда Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы Сақташ Қасенов арнайы баспасөз мәслихатында мәлімдеді. «Ағымдағы маркетинг жылында шамамен 8-9 млн. тонна астықты экспортқа шығаруға мүмкіндігіміз бар», дейді ол. Оның сөзіне қарағанда, ағымдағы жылы шамамен 17 млн. тонна астық бастырылады. Бұдан бөлек еліміздің астық сақтау қоймаларында 4 млн. тоннадан астам өткен жылдан қалған дәнді дақыл бар. Сонымен қатар, С.Қасенов еліміздің Әзербайжан, Түркия, Иран және Орталық Азия елдеріне тұрақты астық экспорттайтындығын баса айтты. «Бұдан бөлек Қытаймен астық жеткізу көлемін арттыру жөніндегі уағдаластығымыз бар және Қытай арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде де астық экспортын арттыра аламыз», деді комитет төрағасы.

Айтпақшы, еліміз үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында да экспортты арттыруға ден қойып отыр. Естеріңізде болса, Ұлттық экономика минисі трі Ерболат Досаев алғашқы бес жыл дықты қорытындылаған шарада осы бағдарлама аясында еліміз экспорттайтын тауар түрлерін 300 аталымға дейін жеткізуді көздеп отырғанын айтқан болатын.

«Дүниежүзілік банк және Азия даму банкі сынды халықаралық ұйымдардың берген ұсынымдарын ескере отыра, басты назар салаларды әртараптандыруға ғана емес, сонымен қатар сауда серіктестері мен экспортқа шығарған кезде тауарлар мен қызмет түрлері номенклатурасын әртараптандыруға көңіл бөлінетін болады», деді ол. Қазақстан бүгінде 127 позиция бойынша экспортқа өнім шығарады. Ал Қазақстанның табыс деңгейіне көрсеткіштері сәйкес келетін Малайзия, Таиланд сынды мемлекеттер 800-ге жуық тауар позициясы бойынша экспортқа шығып жатыр. Қазақстанның экспорттайтын тауар түрлерін 300 аталымға дейін жеткізу әлеуеті бар. Бұл елімізге Бразилия, Чили, Ресей сынды елдердің деңгейіне жетуге мүмкіндік бермек. 2015-2019 жылдарға арналған екінші кезеңінде Үкімет нақты басым салаларды айқындау, экспорт бағдарын арттыру, бизнестің қатысуын арттыру, кластерлерді дамыту мен өңірлердің мамандануын тереңдету секілді мәселелерге барынша мән берген. Әрине, экспортқа шығатын өнім түрлерін көбейту өте маңызды. Бірақ ол өнімдер нақты қай салада болуы керек, оның тиімділігі қандай болмақ, қанша адамды жұмыспен қамтиды дегендей сансыз сұрақтардың бәріне тиісті жауап болуы тиіс. Сонда ғана ол өз нәтижесін бермек. Оны бүгінде арнайы зерттеу институттары зерделеп жатыр. Дайын ақшаға көршідегі дайын өнімді сатып ала салу, әрине, оңай шаруа шығар, бірақ өзіміз ішер ас, тұтынар тауарды өзіміздің өндіруіміз ең алдымен халықты жұмыспен қамтып, әлеуметтік әлеуетімізді жақсартады. Мәселен, өткен жылғы деректер бойынша, біз 2 млн. 500 мың адам істеп шығатын өнім сатып алыпмыз, яғни импорттағанбыз. Одан қалды, өнім өндіру шикізаттық байлығымызды үнемдейтіні тағы бар. Жай ғана қарапайым мысал: шағын отбасының өзі үйлерінде тамақ пісірмей, тапқантаянғанына дүкеннен «жартылай фабрикат» сатып алып қана жей берсе, ол үйде үнем де, береке-ырыс, кіріс те болмас еді...

Динара БІТКОВА